

## Екібастұз қаласының Ленин көшесін Мәшһүр Жүсіп көшесіне қайта атау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 825/12 қаулысы және Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 235/19 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 қаңтарда N 12-3-249 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабының 4-тармақшасына сәйкес, тұрғындардың және Екібастұз қаласы әкімдігі қоғамдастығының пікірін ескере келе, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және қалалық м ә с л и х а т **Ш Е Ш Т І :**

1. Екібастұз қаласының Ленин көшесі Мәшһүр Жүсіп көшесіне қайта аталсын.
2. Нақты шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*Н. Нәбиев*

*Сессия төрағасы*

*Э. Абдинов*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Г. Балтабекова*